



МҰХТАР ӘУЕЗОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігі мәдениет
комитетінің «Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
семинар
хаттамасы №1

03.03.2025. ж

Орналасқан жері:

«Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ
ұлттық драма театры»
Алматы қаласы,
Жібек жолы, 154

Отырысты өткізу орны:

03 наурыз 2025 ж.
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы,
Жібек жолы, 154

Төрағалық етті:

Г.Алимбаев - Директордың орынбасары, комиссия төрағасы

Семинарға қатысқандар:

Театр ұжымы

Әкімшілік:

Маупасов А.Е. – Директордың орынбасары;

Казангапова С.Т.- Бас бухгалтер;

Ақмолда А. С. – «Кадр жұмысы және құжаттама» бөлімінің басшысы;

Жакипбаева Р.Е. - Театр кәсіподағының төрағасы;

А.Оспанбаева - Қоюшы-режиссер, комиссия мүшесі.

Комиссия отырысының күн тәртібі

«Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры» РМҚК ішкі құжаттарын
негізге ала отырып төмендегі негіздемелер бойынша кезекті семинар өткізді.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПАЕНС
БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУ**

1. Семинарды ашу

Кіріспе сөзде семинардың мақсаты мен антикоррупциялық комплаенс
бағдарламасының ұйымдар үшін маңыздылығы атап өтілді.

•Сыбайлас жемқорлықпен күрес – компанияның тұрақты дамуы үшін маңызды фактор.

• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат кәсіпорынның беделін нығайтады және заңдық қауіптерден қорғайды.

•Халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес комплаенс жүйесін енгізу қажеттілігі.

2. Комплаенс ұғымы мен маңыздылығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – бұл кәсіпорынның сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын енгізу және ұстану жүйесі.

Маңызды аспектілер:

•Комплаенс деген не? – заңдар мен ішкі ережелерді сақтауды қамтамасыз ететін жүйе.

•Неліктен маңызды? – құқықтық тәуекелдерді төмендетеді, бизнес-процестердің ашықтығын арттырады.

•Жауапкершілік – кәсіпорынның, басшылықтың және қызметкерлердің заң талаптарын орындауы.

•Халықаралық тәжірибе – ISO 37001 стандарты, FCPA (АҚШ-тың Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заңы), UK Bribery Act (Ұлыбританияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңы).

3. Комплаенс бағдарламасын әзірлеу кезеңдері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарламасы бірнеше негізгі кезеңнен тұрады:

1.Тәуекелдерді бағалау – компания қызметінде қандай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар екенін анықтау.

2.Комплаенс саясатын әзірлеу – кәсіпорынның антикоррупциялық ережелері мен талаптарын құжаттау.

3.Персоналды оқыту – қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық қауіпін тану және болдырмау бойынша тренингтер өткізу.

4.Бақылау және мониторинг – комплаенс саясатын сақтау деңгейін тұрақты түрде тексеру.

5.Ішкі тергеу және жауапкершілік шаралары – заң бұзушылықтарды анықтап, тиісті шаралар қабылдау.

4. Тәуекелдерді бағалау және басқару әдістері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді басқару – комплаенс бағдарламасының маңызды бөлігі.

Негізгі әдістер:

•Жемқорлық қауіпін талдау – қай бөлімдерде сыбайлас жемқорлық ықтималдығы жоғары екенін анықтау.

•Сыйлықтар мен қонақжайлылық саясаты – қызметкерлердің пара алу қауіпін азайту шаралары.

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

Кәсіпорынның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін келесі шаралар жүзеге асырылады:

•Мүдделер қақтығысын болдырмау – жеке мүдделердің кәсіпорынның мүдделеріне әсерін азайту.

•Анонимді хабарлау арналары – қызметкерлерге заң бұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігін беру.






•Қаржылық бақылау жүйесі – бюджеттік және қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету.

•Басшылықтың жауапкершілігі – жоғарғы басшылықтың адалдықты қолдауы.

6. Кәсіпорындағы комплаенс офицердің рөлі мен жауапкершілігі

Комплаенс офицер – ұйымдағы антикоррупциялық саясатты іске асыруға жауапты маман.

Семинарға қатысқандар:

№	Қызмет атауы	Аты-жөні	Қолы
1	Директордың орынбасары, комиссия төрағасы	Г.Алимбаев	
2	Директордың орынбасары	А.Маупасов	
3	«Кадр жұмысы және құжаттама» бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі	А. Ақмолда	
4	Кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі	Р. Жакипбаева	
5	Қоюшы-режиссер, комиссия мүшесі	А.Оспанбаева	
6	Заңгер, комплаенс-офицер, комиссия мүшесі	Г.Чегебаева	